

## Қылмыстық-атқару жүйесінің тәрбиелеу колониялары жанындағы қамқоршылық кеңес туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 17 маусым N 655. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 12 қазандағы № 821 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.10.2015 № 821 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 138-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қылмыстық-атқару жүйесінің тәрбиелеу колониялары жанындағы қамқоршылық кеңес туралы ереже бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы  
N 655 қаулысымен бекітілген

### **Қылмыстық-атқару жүйесінің тәрбиелеу колониялары жанындағы қамқоршылық кеңес туралы ЕРЕЖЕ**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже колония әкімшілігіне оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда және материалдық-техникалық базасын нығайтуда көмек көрсету, сотталғандарды әлеуметтік қорғау, босатылатын адамдарды еңбекке және тұрмыстық орналастыру мәселелерін шешу үшін қылмыстық-атқару жүйесінің тәрбиелеу колониялары жанынан құрылатын Қамқоршылық кеңестің (бұдан әрі - Кеңес) қызмет тәртібін айқындайды.

2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдерін және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Ережені б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

3. Кеңес заңды тұлға болып табылмайды.

#### **2. Кеңестің міндеттері**

4. Кеңестің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) колония әкімшілігіне оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда, мекеменің материалдық-техникалық базасын нығайтуда көмек көрсету;
- 2) сотталғандарды әлеуметтік қорғау, босатылатындарды еңбекке және тұрмыстық орналастыру мәселелерін шешуде көмек көрсету.

### **3. Кеңестің функциялары**

5. Кеңестің негізгі функциялары заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мыналар болып табылады:

- 1) сотталған және босатылатын адамдарға құқықтық, әлеуметтік және психологиялық көмек көрсетуде жәрдемдесу;
- 2) сотталғандарды ұстаудың коммуналдық-тұрмыстық жағдайларын жақсартуда көмек көрсету;
- 3) түзеу мекемелеріне оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мақсатында оқу және әдістемелік материалдарымен қамтамасыз етуде жәрдемдесу;
- 4) Кеңестің міндеттеріне қол жеткізуге жәрдемдесетін семинарлар, конференциялар және басқа да іс-шаралар өткізу;
- 5) босатылатын кәмелетке толмағандарға медеткерлікті ұйымдастыру және оларға еңбекке және тұрмыстық орналасуда көмек көрсету;
- 6) тәрбие процесіне үкіметтік емес қоғамдық және діни ұйымдарды тарту;
- 7) қоғамды тәрбиелеу колониясының проблемалары мен мұқтаждары туралы хабардар ету;
- 8) сотталғандар арасында қолданбалы-көркем шығармашылықты дамытуға жәрдемдесу;
- 9) қайырымдылық концерттер, кездесулер, лекциялар, спорттық, ағарту және мәдени іс-шаралар ұйымдастыру, тәрбиелеу колонияларының кітапхана қорларын толықтыру;
- 10) заңнамаға қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыру.

### **4. Кеңестің құқықтары**

6. Кеңес өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру кезінде заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарға құқығы бар:

- 1) қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдарға тәрбиелеу колонияларына тәрбие процесін ұйымдастыруда және материалдық-техникалық базасын нығайтуда көмек көрсету, сотталғандарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өтініш жасауға;
- 2) тәрбиелеу колониясының әкімшілігіне, қылмыстық-атқару жүйесі басқармасы аумақтық органының басшылығына, өзге де ұйымдарға мекеменің

оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және материалдық-техникалық базасын нығайту, сотталғандарды әлеуметтік қорғау, босатылатындарды еңбекке және тұрмыстық орналастыру мәселелерін шешу жөнінде ұсынымдық сипаттағы ұ с ы н ы с т а р е н г і з у г е ;

3) өз құзыреті шегінде тәрбиелеу колонияларына баруға, оның қызметімен танысуға, сотталғандармен кездесуге, олармен сабақ және әңгіме өткізуге;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан және ұйымдардан Кеңестің міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды сұратуға және а л у ғ а .

## 5. Кеңестің қызметін ұйымдастыру

7. Кеңестің құрамын Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша басқармалары бекітеді. Кеңес мүшелерінің саны адамдардың тақ санын құрауы тиіс.

8. Кеңес тәрбие колониясы қарамағында болатын облыстың Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің басқармасымен тұрақты байланыста б о л а д ы .

9. Кеңес мемлекеттік ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен және а з а м а т т а р д а н құрылады.

10. Кеңестің барлық мүшелері тең құқыққа ие.

11. Кеңесті төраға басқарады.

12. Кеңес төрағасы, төрағасының орынбасары және хатшысы оның құрамынан ашық дауыспен 2 жыл мерзімге келесі мерзімге қайта сайлану құқығымен сайланады және оларды Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша басқармалары бекітеді.

13. Кеңес төрағасы, төрағасының орынбасары немесе хатшысы өз міндеттерін тиесілі атқармаған жағдайда, Кеңес мүшелерінің үштен екісінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын қайта сайлануы мүмкін.

14. Төраға Кеңес қызметіне басшылық жасайды, оның отырыстарында төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылу барысына жалпы бақылауды жүзеге асырады.

15. Кеңес жұмысын ұйымдық қамтамасыз етуі, оның кезекті отырысының күн тәртібін қалыптастыруды және Кеңес хаттамаларының жобаларын дайындауды төрағаның тапсыруы бойынша оның орынбасары жүзеге асырады.

16. Кеңес отырыстары үшін материалдар дайындауға, оларды Кеңес мүшелеріне таратуға және Кеңес жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті көлемде іс қағаздарын жүргізуге бақылауды Кеңес хатшысы жүзеге асырады.

17. Кеңес оның мүшелері қабылдаған Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің

облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша басқармаларымен келісілген жоспарға сәйкес жұмыс істейді.

18. Кеңес отырыстары қажеттілік шамасына қарай, бірақ тоқсанына бір реттен жиі болмай өткізіледі. Кеңес отырыстарына жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері, Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша басқармаларының, сондай-ақ мүдделі ұйымдардың қызметкерлері шақырылуы мүмкін.

19. Кеңестің кезекті отырысының күн тәртібін, сондай-ақ оны өткізу орнын, уақытын, тәртібін және мерзімдерін Кеңес төрағасы айқындайды.

20. Кеңестің кезектен тыс отырысын төраға өз бастамасы бойынша немесе Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен бірінің өтініші бойынша шақырады.

21. Кеңес отырысы, егер оның жұмысына Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады.

22. Кеңес шешімдері мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді.

23. Кеңес хаттамаларына Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды және олар отырыс өткізілгеннен кейін үш күн ішінде Кеңес мүшелеріне, Кеңес қараған мәселелерді шешу құзыретіне кіретін мемлекеттік органдарға, тізімін төраға айқындайтын өзге де ұйымдарға жіберіледі.

Мамандар: Багарова Ж.А., Қасымбеков Б.А.